

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ОНОМАСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ СТАНДАРТТАУ НЕГІЗДЕРІ\*

<sup>1</sup>Қ. Рысберген, <sup>2</sup>Д. Пашан, <sup>3</sup>З. Садырбаева, <sup>4</sup>Н. Бармешова

## АҢДАТПА

ҚР қолданыстағы ономастикалық атаулар, оның ішінде еліміздің жер-су атаулары, аты-жөндеріміз – ұлттық және мемлекеттік тұтастығымызды айқындайтын басты факторлардың бірі. Тәуелсіздік алған жылдардан бері ономастикалық атаулардың мазмұнын ұлттандыруға бағытталған көптеген іс-шара атқарылды. Солай бола тұра, әлі де шешімін таппаған мәселе көп. Соның бірі – стандарттау мәселесі. Ресми құжаттар мен бейресми құжаттарда бірнеше вариантта тек қана адам есімдері емес, жер-су атаулары да жазылып жүр. Осы мәселені қарастыру барысында ономастикалық стандарттау жүйесі бойынша дамыған елдердің тәжірибесі қарастырылды. Еліміздегі ономастика саласына қатысты заңдар, тұжырым, бағдарламалардағы нақты міндеттерді жүзеге асыру барысына тоқталдық. Себебі жазуымыз латынграфикалы әліпбиге өткенге дейін осы мәселелерді шешу басты міндет болып отыр. Латын әліпбиі енгізілген сәтте стандартталған ономастикалық атауларымыз халықаралық, әлемдік ақпараттық кеңістікке еш кедергісіз енсе, ономастика саласындағы біршама мәселе шешілген болар еді.

**Түйін сөздер:** ономастика, стандарт, вариант, транслитерация, ономастикалық стандарттау.

\* Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыруымен OR11465483 «Мемлекеттік тілді латын-графикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеу жобасы аясында жазылды.

<sup>1,2,3,4</sup> Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Пашан Д.М.  
pashan\_dan@mail.ru

*Мақаланың сілтемесі:*  
Рысберген Қ.,  
Пашан Д., Садырбаева З.,  
Бармешова Н.  
Қазақстан Республикасын  
ономастикалық қызмет  
саласындағы стандарттау  
негіздері // Адам әлемі. –  
2022. – No. 2 (92).  
– Б. 141-152.

## Основы стандартизации в области ономастической деятельности Республики Казахстан

**Аннотация.** Ономастические названия в Республики Казахстан, в том числе названия топонимов нашей страны, являются одним из главных факторов, определяющих национальную и государственную идентичность. За годы независимости было проведено множество мероприятий, направленных на национализацию содержания ономастических названий. Тем не менее, есть много проблем, которые еще не решены. Одна из них – проблема стандартизации. В официальных документах и неофициальных документах в нескольких вариантах пишутся не только имена людей, но и названия земель и вод. В ходе рассмотрения данного вопроса был рассмотрен опыт стран с достаточно развитой системой ономастической стандартизации. С этой точки зрения мы остановились на ходе реализации конкретных

задач в законах, концепциях, программах, касающихся сферы ономастики в нашей стране. Решение этих вопросов остается главной задачей до перехода нашего письма на латинографический алфавит. К моменту введения латинского алфавита наши стандартизированные ономастические названия беспрепятственно вошли бы в международное, мировое информационное пространство, была бы решена некоторая проблема в области ономастики.

**Ключевые слова:** ономастика, стандарт, вариант, транслитерация, ономастическая стандартизация

## Fundamentals of Standardization in the Field of Onomastic Activity Republic of Kazakhstan

**Abstract.** Onomastic names, including the names of toponyms of our country, are one of the main factors determining national and state identity. Over the years of independence, many measures have been carried out aimed at nationalizing the content of onomastic names. However, there are many problems that have not yet been solved. One of them is the problem of standardization. In official documents and unofficial documents, not only human names are written in several variants, but also the names of lands and waters. During the consideration of this issue, the experience of countries with a sufficiently developed system of onomastic standardization was considered. From this point of view, we focused on the implementation of specific tasks in laws, concepts, programs related to the field of onomastics in our country. The solution of these issues remains the main task until the transition of our writing to the Latin alphabet. By the time the Latin alphabet was introduced, our standardized onomastic names would have entered the international, global information space without hindrance, and some problem in the field of onomastics would have been solved.

**Key words:** Onomastics, Standard, Variant, Transliteration, Onomastic Standardization.

### *Kіpіcne*

Қазіргі қоғамда дәл және тиімді басқару мен коммуникацияны қамтамасыз ету үшін стандартты географиялық атауларды қолдану қажет. Ұлттық стандарттау бағдарламалары барлық деңгейлерде басқару, өнеркәсіп, сауда және білім беру салаларында тиімділікті арттыру арқылы уақыт пен қаражатты үнемдейді. Ономастикалық атауларды бірдейлестіру, бір ізге түсіру қажеттілігі, әсіресе, әртүрлі карталарды жасау және басып шығару; халық санағын жүргізу; ұлттық қауіпсіздік; ішкі және халықаралық әуе және теңіз қатынастары; гидрологиялық зерттеулер мен барлау, почта қызметі мен жүктерді тасымалдау; құрлықтағы және судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету; сондай-ақ демографиялық, мәдени, әлеуметтік және ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде анық байқалады.

Ономастикалық атаулар, атап айтсақ, жер-су мен адам есімдер<sup>3</sup> ұлттық кодты

сақтап отырған саланың бірі. Тәуелсіздік алғаннан бері ономастикалық атаулардың мазмұнын ұлттандыруға, стандарттауға арналған бірнеше жұмыстар атқарылды. Сондықтан бұл ғылыми зерттеу проблемасының өзектілігі күмән тудырмайды.

ҚР ономастика саласындағы қызметтерді реттеуге қатысты төмендегідей нормативтік, заңнамалық құжаттар сараланды. Қазақстан Республикасындағы ономастикалық қызмет саласына қатысты бірнеше нормативтік құжаттар бар. Атап айтсақ, ең бірінші құжат – ҚР Тіл туралы Заңы (1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы). Осы заңның 24-25 баптары ономастикаға қатысты.

Бұдан кейінгі құжат – ҚР заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2013 ж. 21 қаңтардағы № 72-V заңы).

Ономастикалық атаулар, оның ішінде еліміздің жер-су атаулары, аты-

жөндеріміз – ұлттық және мемлекеттік тұтастығымызды айқындайтын басты факторлардың бірі. Ресми құжаттар мен бейресми құжаттарда бірнеше вариантта тек қана адам есімдері емес, жер-су атаулары да жазылып жүр. Осы мәселені қарастыру барысында ономастикалық стандарттау жүйесі біршама дамыған елдердің тәжірибесі қарастырылды. Осы тұрғыдан еліміздегі ономастика саласына қатысты заңдар, тұжырым, бағдарламалардағы нақты міндеттер жүзеге асырылды.

Сондай-ақ тілге қатысты екі бағдарлама бар, бұл бағдарламаларда да ономастика мәселелері басты назарға алынған. Олар: ҚР тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (күшін жойған); Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы).

### **Әдіснамасы**

Ономастикалық стандарттау негізін құрайтын нормативтік құжаттарды қарау барысында талдау, талқылау әдістері қолданылды. Басқа елдердің тәжірибесін көрсетуде сипаттау, салыстыру, коммуникативтік әдістер қолданылды. Бұл әдістерді қолдану жаңа гипотезалар немесе өсу мен жетілу теорияларын тудыруы мүмкін. Варианттарды ұсыну, нормалау барысында индуктивті әдіс қолданылды.

### **Негізгі бөлім**

ҚР Үкіметінің нақты ономастика саласына қатысты екі қағидаты бар. Олар: Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру

қағидаларын бекіту туралы (ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысы); Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы (ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыз N 281 қаулысы).

Осы заңдар, қаулылар, бағдарламалар негізінде Республикалық Ономастикалық комиссия жұмысының нормативтік құқықтық базасы негізделді. Ономастикалық комиссия – ҚР аумағындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру, сондай-ақ ҚР тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру және сақтау бойынша бірыңғай көзқарасты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган. Республикалық ономастикалық комиссияның облыс, республикалық маңызы бар қалаларда да комиссиялары бар. Бұдан бөлек, жұмыс топтары да бар. Осы аталған комиссиялар нормативтік құжаттар негізінде жұмыстарын атқарады.

Қазақстан Республикасында тілдеді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы-

ның үшінші бағыты - қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру болатын. Онда «Қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу» бағыты бойынша ең алдымен, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын жүйеге келтіруді қамтамасыз ету көзделді.

Осы бағдарламада ономастика саласындағы жұмысты жетілдіру бойынша:

1. Ономастикалық жұмыстарды жүргізген кезде ашықтық қағидаттарын енгізу керек.

2. Қоғамдық пікірді ескеру, шешімдерді қабылдау процесіне азаматтық қоғам институттарын және бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту қажет.

3. Ономастика саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіре түсу керек.

4. Географиялық объектілердің атауларын мемлекеттік тілде жазу, оны орыс және басқа да тілдерде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу талап етіледі.

5. Антропонимикалық атауларды және көрнекі ақпараттарды сәйкестен-

діруді жүзеге асыру керек

6. Мемлекеттік тілде антропонимикалық белгілеулерді жазу мен сәйкестендіру жөніндегі бірыңғай талаптарды әзірлеу қажет.

7. Көрнекі ақпаратты көркем ресімдеу туралы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру талап етілген еді [1].

Осы талаптар негізінде бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап көрсетсек:

- мемлекеттік тілдің ғылыми-лингвистикалық базасы құрылды;

- ортологиялық еңбектер әзірленіп, таратылды;

- терминологиялық жүйені реттеу бойынша жұмыстар басталды;

- ономастикалық кеңістікті реттеу шаралары қабылданды.

Шығарылған сөздіктер, жасалған интернет ресурстар, порталдар бар, ономастика саласындағы «Atau.kz» ономастикалық базасының жасалғандығы да айта аламыз.

Ономастикалық кеңістікті реттеу жұмысы жандандырылды (1-кесте).

1-кесте. Республика көлеміндегі аты ауысқан әкімшілік аумақтар

№	Бұрынғы аты	Қазіргі аты
1	Оңтүстік Қазақстан облысы	Түркістан обл.
2	Качир (Павлодар обл)	Тереңкөл ауд.
3	Лебяжі (Павлодар обл)	Аққулы ауд.
4	Чингирлау (БҚО)	Шыңғырлау ауд.
5	Зырян (ШҚО)	Алтай ауд.

Тәуелсіздік алғаннан бергі республика көлеміндегі жалпы атау ауыстыру көрсеткіші (2-кесте) берілді.

2-кесте. Тәуелсіздік алғаннан бергі көрсеткіш

	Атаулары	Саны
1	Облыс, қала, аудан	20
2	Елді мекен	1500
3	Объект (білім, мәдениет, спорт мекемелері және т.б.)	1400
4	Теміржол станциялары	85
5	Көше, даңғыл, шағын аудан және т.б.	25000

2014 жылғы 24 ақпанда Үкімет әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекітті. Бұл жоғарыда аталған бағдарламының 1 және 1 міндеттерін орындауға қатысты болып отыр. Ономастикалық жұмыстарды жүргізген кезде ашықтық қағидаттарын енгізу мен қоғамдық пікірді ескеру назарға алынатын болады. Енді билік көшенің, саябақтың және қаланың атауын өзгертуге қатысты азаматтардың пікіріне қызығушылық танытатын болады. Шенеуніктер атауын өзгерту туралы ұсыныс енгізген соң, мәслихаттарда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Олар жергілікті БАҚ-та тіркеледі және жарияланады. Бұған әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы (ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысы) нормативтік құжаты дәлел [2].

Атқарылып жатқан шаралар екінші бағдарламамызда ары қарай жалғасын тапты. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 1 тармағы «Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту» деп аталып осының 1.3 тармақшасы «*Ономастикалық кеңістікті латын графикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау*» деп көрсетілген. Біздің қағидат қызметтері осы тармаққа тікелей қатысты.

Бағдарламада қазақ тілінің грамматикалық, лексика-фразеологиялық, оның ішінде терминологиялық және ономастикалық ресурстарын зерттеу керектігі нақтыланған.

Ономастикалық қызмет аясында:

1. Идеологиялық жағынан ескірген

ономастикалық атауларды өзгерту

2. Географиялық объектілерге ұлттық атау беру процесін жандандыру.

3. Берілген атаулардың осы объектінің функциясымен сәйкес келуі.

4. Траншекаралық аумақтардағы географиялық объектілердің тарихи атауларын қалпына келтіру

5. Атаулардың графикалық таңбалуындағы бірізділікті сақтау мәселелерін үйлестіру қажеттігін айтамыз.

Қазақстан Республикасында жоғарыдағы бағдарламаға сәйкес, қызмет атқаратын Ономастикалық комиссия бар екендігін айттық. Ономастикалық қызмет саласын жетілдіру қажет. Ол жолда ономастика саласы ілгері дамыған, стандарттары жүйеленген елдердің тәжірибесіне қарағанымыз жөн деп білеміз. Атап айтсақ,

- АҚШ-та «Географиялық атаулар кеңесі»

- Канадада «Географиялық атаулардың тұрақты комитеті»

АҚШ-тың географиялық атаулар жөніндегі кеңесі (BGN). АҚШ-тың географиялық атаулар жөніндегі кеңесі – Америка Құрама Штаттарының ведомствоаралық ұйымы. Ұйым 1890 жылы құрылған және 1947 жылы бүкіл федералды Үкіметте географиялық атаулардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету үшін 1947 жылы заңмен бекітілген. Ол бүкіл федералды Үкіметте географиялық атаулардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету үшін жасалған. Отандық және шетелдік географиялық атауларды пайдалану және қолдануды реттейтін рәсімдеу принциптерін әзірлейді.

BGN-де веб-сайт бар, ол географиялық атауларға қатысты бағытталған мәселелер, сұраулар, өзгерістер мен ұсыныстарды үйлестіру орталығы ретінде қызмет етеді. Халықаралық, федералды, мемлекеттік, жергілікті органдармен серіктестікте BGN географиялық атаулардың біркелкі қолданылуы және қазіргі атаулар туралы мәліметтер жарияланатын сайт-

ты ұсынады. Интернетте қолжетімді екі дерекқор бар, біреуі отандық атаулар, екіншісі шетелдік атаулар үшін әзірленген, екеуі де стандартталған географиялық атаулар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

АҚШ-та Азаматтық соғыстан кейінгі зерттеулерде бірізділік сақталмауы жиі байқалған. Географиялық объектілердің атауларының қайшылықтары мен сәйкессіздіктері бірізді географиялық номенклатураны қажет ететін зерттеушілер, картографтар, мемлекеттік қызметкерлер және ғалымдар үшін маңызды болды. 1980 жылы АҚШ президенті Бенджамин Харрисон BGN-ны құрды және оған географиялық атауларға қатысты мәселелерді шешуге өкілеттік берді. BGN шешімдері әлі күнге дейін федералды үкіметтің барлық департаменттері мен агенттіктері үшін міндетті саналады. Бүгін АҚШ-ғы географиялық атаулар бойынша жұмысты Ұлттық атаулар комитеті (DNC) қолдайды. Жыл сайын DNC жүздеген жаңа атауларды қарастырады, ішкі атауларды ұсынады және жеке адамдарға және жергілікті, мемлекеттік, федералды және рулық атауларға өзгертулер енгізеді. DNC ешқашан жаңа атауды өзі ұсынбайды; керісінше, ол жаңа атаулар, оның принциптері, саясаты мен рәсімделуі туралы ұсыныстарға қатысты келіспеушіліктер мен ережелерді реттейтін делдал болып табылады.

Географиялық атаулардың ақпарат-тық жүйесі (GNS), (сайты: <http://geonames.usgs.gov/domestic>) жергілікті географиялық атаулардың ресми ақпарат қоймасы, онда штат, округ, USGS топографиялық картасы және географиялық координаттар бойынша федералды деңгейде әр объектінің атауы және орналасқан жері туралы ақпарат бар. Онда GNIS федералды, штаттық және жергілікті деректерді жинайды, нәтижесінде сіз агенттік ұсынатын көптеген веб-сайттар арқылы қосымшалар мен қызметтер туралы көбірек біле аласыз.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін шетелдік географиялық атаулар-

ды стандарттауға деген қызығушылық едәуір артты және BGN 1927 жылы шетелдік географиялық атаулар туралы алғашқы баяндамасын жариялады. 1947 жылы Конгресс қайта құрылып және осы қайта құрудан кейін шетелдік атауларды басқару жөніндегі Комитет (ШАБ) құрылды. ШАБ Қорғаныс министрлігінің құрамына кіретін ұлттық геокеңістіктік барлау агенттігінің (NGA) қолдауымен шетелдік атауларды стандарттау бағдарламасын жүзеге асырады. Шет елдердегі географиялық атаулар жөніндегі органдармен жұмыс істей отырып және өз қызметін Ұлыбританияда ресми пайдалану үшін географиялық атаулар жөніндегі тұрақты Комитетпен үйлестіре отырып, FNC араб және корей сияқты латын әріптерімен географиялық атауларды аударуға арналған жүйелерді реттеп, шеттілдік атаулармен жұмыс істеу саясатын айқындады.

BGN құрамына географиялық ақпаратпен, халықпен, экологиямен және мемлекеттік жерлерді басқарумен айналысатын федералды агенттіктердің өкілдері кіреді. Олар Ішкі істер министрлігімен өз міндеттерін бөлісе отырып, BGN географиялық нысандардың ресми атауларын, орналасқан жерін, сондай-ақ жергілікті атауларды, шетелдік атауларды, Антарктика және су асты нысандары атауларын пайдалануды реттейтін қағидаларды және рәсімдерді жариялайды. BGN мүше-агенттіктері және комитеттер: АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігі, Орталық барлау басқармасы, АҚШ сауда министрлігі, АҚШ Қорғаныс министрлігі, Мемлекеттік баспа, АҚШ ішкі қауіпсіздік департаменті, АҚШ ішкі істер министрлігі, Конгресс кітапханасы, АҚШ пошта қызметі, АҚШ Мемлекеттік департаменті. Осы мекемелердің баршасы BGN бекіткен стандарттарды қолданады.

Бұл кеңестің электрондық пошталары: [lyost@usgs.gov](mailto:lyost@usgs.gov), [trent.c.palmer@nga.mil](mailto:trent.c.palmer@nga.mil), сайты: <https://www.usgs.gov>; <http://geonames.usgs.gov>.

Қазіргі қоғамда дәл және тиімді басқару мен коммуникацияны қамтамасыз ету үшін стандартты географиялық атауларды қолдану қажет. Ұлттық стандарттау бағдарламалары барлық деңгейлерде басқару, өнеркәсіп, сауда және білім беру салаларында тиімділікті арттыру арқылы уақыт пен қаражатты үнемдейді. Бұл әсіресе әртүрлі карталарды жасау және басып шығару; халық санағын жүргізу; ұлттық қауіпсіздік; ішкі және халықаралық әуе және теңіз қатынастары; гидрологиялық зерттеулер мен барлау, пошта қызметі мен жүктерді тасымалдау; құрлықтағы және судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету; сондай-ақ демографиялық, мәдени, әлеуметтік және ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде анық байқалады. Ономастикалық атаулар, атап айтсақ, жер-су мен адам есімдер ұлттық кодты сақтап отырған саланың бірі. Тәуелсіздік алғаннан бері ономастикалық атаулардың мазмұнын ұлттандыруға, стандарттауға арналған бірнеше жұмыстар атқарылды. Солай бола тұра, бірізділік сақталмай жатқан тұстарымыз көп. Мысалы: *Сарыарқа* – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі (<https://kk.wikipedia.org/wiki>). *Сары-Арқа* мұрасының интерактивті картасы (<http://nasledie-saryarki.kz/kk>). *Сарарқа* ауданында тіл заңын бұзған жарнамалар алынды (<https://qazaqtimes.com/article/69872>). Қарағанды облысы Шет ауданындағы *Шерубай-Нұра* өзенінің суы тартылып барады, деп хабарлайды Atameken Business (<https://inbusiness.kz>); Қарағанды өңірінде *Шерубайнұра* өзені тартылып барады (<https://24.kz>); *Шерубай Нұра* болысы 1875 жылғы 29 тамызына дейін Қареке Алтай болысы (<http://wikipedia.kz.nina.az>). Бұл бағытта біздің институт мамандары 700 беттік, үш тілді «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктер атауының қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалығын» (Казакско-русско-английский справочник названий административно-территориальных

единиц Республики Казахстан) әзірледі. Бұл еңбек республикамыздың әкімшілік-аумақтық бірліктеріндегі 19 мыңға жуық атауларды (елді мекен атаулары мен басқа да нысандарды) қамтып, олардың мемлекеттік қазақ тілі мен ресми орыс тіліндегі дұрыс жазылу нұсқаларын ұсынған. Еліміздегі ономастиканың бүгінгі таңдағы қолдану аясы мен жұмсалыу қызметінің арта түсуі, оның топонимия саласының мемлекеттік мекемелер мен акционерлік қоғамдар, ауыл шаруашылық саласы мен білім беру ісінде, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, картографиялық, геодезиялық және әскери штабтар мен бұқаралық ақпарат құралдары және заң орындарында кеңінен пайдалануымен, әсіресе халықаралық мәнінің күшейіп, шетел мемлекеттерінде жиі қарым-қатынасқа түсуімен ерекше сипат алуда. Бұл анықтамалық – Республикамыздың елді мекен атауларын мемлекеттік қазақ тілі және ресми орыс тілінде көпшіліктің дұрыс жазуына арналған аса қажетті құрал болып табылады. Бұл еңбек [tilalemi.kz](http://tilalemi.kz), [termincom.kz](http://termincom.kz), [atau.kz](http://atau.kz) сайттарында ашық қолданыста тұр.

Ал, адам есімдерінде де бір есімнің бірнеше нұсқада жазылып жүргенін көптеп кездестіреміз. Мысалы, *Құлмұхаммед*/*Құл-Мұхаммед*/*Құл-Мұқамед*/*Құлмұқамед*/*Құл-Мұхаммет*/*Құлмұхаммет*/*Құлмұхаммет* есімі осылайша 7 нұсқада жазылып жүр. *Құлмұхаммед* елшілігі<sup>[1]</sup> – 1594 жылы Тәуекел хан Мәскеуге жіберген елшілік (<https://kk.wikipedia.org/wiki>); Мемлекет Басшысының Әкімімен Мұхтар Абрарұлы *Құл-Мұхаммед* Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметіне тағайындалды (<https://www.akorda.kz>); Мұқтар *Құл-Мұқамед* өзі көптен сұранып жүрген Шығыс Қазақстан облысына әкім болып бармақшы дейді (<https://qazaquni.kz>); Сөзі: Қайрат *Құлмұқамед*; Әні: Қажымұрат Шешенқұлұлы // (<https://t.me/s/kazhymurat>); Сол мектептің қалыптасуында өз қолтаңбасын қалдырған

адуынды айтыскерлердің бірі – Қайрат Құл-Мұхаммет болатын (<http://aitysker.org/?p=481>); Даласы Қойлыбай әулие мен Құлмұхаммет Ишанның мәңгілік мекеніне айналып, бір қасиет кезіп жүргендей // (<https://el.kz>); Алматы облысының ішкі істер басқармасының бастығы генерал Құлмұхаммет Қасымов тәркіленген есірткілерді көпшілік алдында өртеу шарасын өткізуді // (<https://www.azattyq.org>).

*Айшабибі/ Айша бибі / Айша-бибі* - *Айшабибі* ауылдық округіне қарасты *Айшабибі*, Қызылтаң ауылдарындағы көшелердің атауын өзгерту туралы // (<https://adilet.zan.kz>); 1997 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен филармониядан «*Айша Бибі*» би ансамблі құрылып, жетекшісі ретінде Байдәулет Сазабеков тағайындалды // (<https://zhofil.kz/>); Тарихы тереңнен тамыр тартатын Әулиеата өңірі туралы сөз болғанда, көптің есіне әуелі *Айша бибінің* есімі түседі. // (<https://egemen.kz>); Сол аңыздың айтуынша, *Айша-бибі* Түркістанда жас батыр Қараханмен кездесіп, бірін-бірі ұнатқан екі жас бас қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады // (<https://ummet.kz>).

Енді бұл мәселеде негізгі басылыққа алатын еңбек 2009 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Қазақ есімдерінің анықтамалығы» атты еңбек. Редакторы – Т.Жанұзақ. Бірақ, еңбекте көрсетілген кісі есімдерінің стандартты нұсқасы нормативтік құжатпен бекітілмегендіктен, кісі есімдері әртүрлі вариантта қолданылып жүр. Осындай мәселелер тек ұлттық ономастикаға қатысты емес, транслитерация мәселесінде де туындап отыр.

Шеттілдік атауларды таңбалау кезінде транслитерация мәселесі үнемі туындап отырады. Тілімізде *Венгрия-Мажарстан*, *Германия-Алмания*, *Си Цзиньпин - Ши Жыңпин*, *Хосни Мубарак - Ғұсни Мүбарек* сияқты қатар қолданылатын атаулар бар. Ресейде шетелдік атаулар мен есімдерді кириллицаға түсіретін транслитерация жүйесі қалыптасқан. Ал, бізде осы жүйе де кемшін болып тұр. Мысал ретінде

«Бүгін облыс әкімі Жансейіт Түймебаев *Венгрия* делегациясын қабылдады. *Мажар* елінен келген қонақтар аймақ ерекшеліктерімен танысып, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен қонақжай пейіліне тәнті болды» (<https://shymkenttv.kz>), «*Мажарстан (Венгрия)* Альпі, Карпат және Динар тауларының аралығында орналасқан» (<https://abai.kz>) деген сөйлемдерді көреміз. «ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Серік Әбдірахманов бастаған делегация *Алмания* елінен оралды» (<https://www.parlam.kz>). *Германиядан* саяси баспана алғысы келіп жүрген Тәжікстанның оншақты азаматы өздерін еліне депортациялайды деп қауіптенеді (<https://www.azattyq.org>). *Пекинде* Қазақстан Премьер-Министрін ҚХР Төрағасы *Си Цзиньпин* қабылдады (<https://www.primeminister.kz>). *Бейжің* Олимпиадасы қарсаңында олимпиадалық спорт нысандарын тексеру 5 қазан мен 31 желтоқсан аралығында өткізіледі (<https://24.kz>). Египеттің бұрынғы президенті Хосни Мұбарак қайтыс болды ... *Хосни Мубарак* 30 жыл Египеттің президенті болды (<https://kk.teles-relay.com>). Биліктен кеткеніне екі ай өткенде Египеттің бұрынғы президенті *Ғұсни Мүбарак* өзіне тағылған айыптарды жоққа шығарып мәлімдеме жасады (<https://www.azattyq.org>). Байқағанымдай, бұдан басқа да интернет кеңістігіндегі ресми сайттардан көптеген деректер келтіруге болады. Шеттілдік атаулар тіліміздің ішкі айналысына күннен-күнге қарқындап еніп жатыр. Экзонимдерді қазақ тілінде транслитерациялау мәселесі дүниежүзілік саяси картаны, мектеп оқулықтарын, энциклопедия және басқа да анықтамалықтарды жасау барысында туындайды. Экзонимдік атаулар деп тіліміздегі әлемдегі барлық мемлекеттер мен олардағы көптеген қала, елді мекен, жер-су атауларына қатысты айтылады. Өзге мемлекеттерде экзонимдік атауларға қатысты заңнамалық құжаттар, ережелер бар. Ал бізде экзонимдік атаулар жөнінде ереже жоқ, бекітілген



ресми тізім болмағандықтан шет мемлекет атауларын транслитерациялауда қазақтілді дерек көздері әртүрлі жазады. Оларды біріздендіру үшін арнайы ереже жасалуы тиіс. Осы мәселені шешу жолында біздің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеу жобасы аясында «Латын графикасы негізінде қазақ тілінде шеттілдік атауларды (экзонимдерді) сондай-ақ шет мемлекеттер, әлем елдері астаналарының, мұхиттардың, теңіздердің және Дүниежүзінің саяси картасының» басқа да объекті атауларын транслитерациялау ережелерін әзірлеу» бойынша ереженің жеке тармақтарын негіздеп жазып жатырмыз.

Ағылшын, орыс тілдерінде шет тілден экзонимдерді транслитерация жасау жүйелері әбден жүйеленген. Мысалы, қытай атауларын латын мен кириллицаға аударатын Палладия жүйесі бар. Палладия «это разговорное название традиционной практической транскрипции, с помощью которой можно записать любое китайское слово на русском языке. Ее применяют для передачи имен собственных и китайских реалий, например, названий блюд. Смотрите: 惠州 — Хуэйчжоу, 习近平 — Си Цзиньпин, 锅包肉 — гобаожоу. Палладица — общепринятая система. Она указывается в китайско-русских словарях, ее используют при переводе официальных и юридических документов, бизнес-писем, справок, виз и художественных произведений» деп көрсетілген [3]. Қазақ тілінде де осындай дүниежүзіндегі тілдерден транслитерация жасау жүйесін қалыптастырсақ. Ал қазіргі таңда біз, өкінішке қарай, дүниежүзі емес өзіміздің ономастикалық атауларымызды латынша транслитерациялау, халықаралық стандартқа сай рәсімдеуді

де бірізге түсіріп, заңдастыра ала алмай отырмыз. Транслитерация жасаудың толымды жүйесін қалыптастыру ісіне тек Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы (United Nations Group of Experts on Geographical Names, UNGEGN) мен осы шаруаға жауапты UNESCO құрамындағы арнайы құрылымдардың ғана әлеуеті жетеді деп есептейміз.

Ономастикалық атауларымызды шеттілде транслитерациялау, қазақшаға аудару мәселелері де шешімін таппай отыр. «Халықаралық стандарт бойынша атауларымыз кез келген тілде ұлттық нормаға сай бірдей оқылатын болса ғана ең тиімді әліпби болып есептеледі. Бұл көп жағдайда «қайтарымдылық» қағидасына байланысты. Қайтарымдылық дегеніміз – латынша таңбаланған атауды кері ретранскрипциялағанда қазақ тіліндегі түпнұсқасының қаз қалпында сақталуы. Өкінішке орай, қазіргі қолданыстағы стандарт кирилл жазуына негізделген. Өйткені кириллицаға кері ретранслитерациялағанда қазақ тілінің қ, ң, ғ, ө, ә дыбыстары жоғалып кетеді де, орнына орыс тіліндегі к, н, о, а графемалары жазылады. Сондықтан қазақ ономастикалық атауларын бірізге түсіру мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Мәселен, жер-су атаулары, азаматтардың аты-жөндері латын негізді қазақ жазуының тек ұлттық стандарты қабылданғанда ғана адекватты көрініс табатындығы анық, яғни төл дыбыстардың жазылуы, айтылуы сақталмақ» [4]. Бұл турасында географиялық атауларды стандарттау ұйымы да айтқан екен. 2007 жылы шыққан ұлттық стандарттауға қатысты еңбекте латын әліпбиіне өтпеген елдердің географиялық атауларын халықаралық стандарттау қиындық туғызатыны айтылған.. Латын әліпбиіне өткен соң, халықаралық стандарттау мәселесі де оңтайлы шешіледі деп ойлаймыз [5, 89].

## Қорытынды

Әртүрлі елдерде географиялық атауларды стандарттау әр түрлі болады. Шындығында, стандарттауға көзқарас бірдей болатын, бағдарламаларды тиімді жүзеге асыратын бірдей елдер жоқ, олар қабылдаған принциптер, саясат және рәсімдеу айтарлықтай ерекшеленеді. Себебі, әр елдің өзіндік ұлттық ерекшелігі әртүрлі. Ал ономастикада ауызша сөйлеу мен жазбаша тілдің нормаларына сәйкес келетін ұлттық деңгейде қабылданған және атаулардың біркелкі жазылуын қамтамасыз ететін кез-келген әдіс тиімді болмақ. Географиялық атауларды стандарттау жөніндегі Біріккен ұйымдардың конференцияларында қабылданған бірнеше қарарларда топонимикалық нұсқаулықтар халықаралық дәрежедегі картографтар мен редакторлар үшін қажет екендігі айтылған болатын және шамамен 35 ел осындай нұсқаулықтарды ұсынған екен. Алайда, бұл елдердің 23-і Еуропада орналасқан. Олардың тек 6-ы Азияда, 3-і Америкада, 2-і Африкада және 1-і Австралияда [5].

Атауларды стандарттау жергілікті географиялық нысандардың мәселелерін шешуге көмектеседі. Көптеген атаулар, жазбалар мен қосымшалар арасындағы сәйкессіздіктер мен қарама-қайшылықтар бірыңғай, дәйекті географиялық номенклатураны қажет ететін зерттеушілер, картографтар мен ғалымдар үшін тиімді болар еді.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Ономастикалық кеңістікті латын графикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау» міндетін іске асыру осы стандарттардың мәртебесін бекітетін нормативтер әзірлеуді болжамдайды.

Ол нормативтерді әзірлеу барысында мыналарды басты назарға алу керек деп есептейміз:

- Қалалардың халықаралық атаулары мен кодтарын латын графикалы

атауларға сәйкес келтіру (атап айтқанда, әуе және теміржол қатынастары саласында);

- Отандық және шетелдік коммуникация алаңдарында қазақстандық ономастикалық кеңістіктің ортологиялық нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

- Навигация жүйелері мен сервистерінде, халықаралық дерекқорларда географиялық объектілердің жаңа атауларын ілгерілету;

- Жаңа атауларды танымал ету;

- Географиялық объектілерді және олардың құрамдас бөліктерін атау және қайта атау қағидалары мен стандарттарын әзірлеу, жариялау және қоғамдық талқылау;

- Ономастикалық бірліктердің электрондық базасын кеңейту және сервистік қамтамасыз ету.

- Стандарттау процесінде бірнеше ұйым мен мекемелер қатысып, атаулардың дұрыс және біркелкі қолданылуын анықтап, өз беттерінше стандарт жасауына болмайды. Бұндай істі бірлесе, ақылдаса атқару керек. Шешім шығаратын бір ғана ұйым болуы қажет.

Жұмысты қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында ономастикаға қатысты біршама нормативті құжаттар бар екендігін көрдік. Ономастикалық комиссия да біршама жұмыстар атқарып отыр. Атауларды стандарттау жүйесі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін біршама реттеліп қалды. Сонда да әлі де реттейтін тұстары көп екенін көрдік. Ономастикалық атауларды стандарттау арқылы неге қол жеткіземіз:

Атаулардың бірнеше вариантты болмай, стандартты бір ғана атауы алынса, дәйекті географиялық номенклатураны қажет ететін зерттеушілер, картографтар мен ғалымдар үшін үлкен көмек болар еді.

Ономастикалық комиссия бекіткен стандарттарды еліміздің барлық атқарушы органдары міндетті деп қабылдайтын болса, құжаттарда бірізділік болар еді.

ҚР қолданылатын географиялық ны-

сандардың атауларына немесе шеттiлдік географиялық атауларға қатысты ақпараттар Ономастикалық комиссия сайтында қолжетiмді болса екен.

Мемлекеттік немесе жеке тұлға, кезкелген ұйым Ономастикалық комиссияға ресми шешiмдер қабылдау үшін ұсынылған жаңа атаулар, атау өзгертуге ұсыныстар немесе бiрiздi емес атаулар туралы сұрау жiберсе алса.

Ономастикалық комиссия көпшiлiк үшін әрқашан ашық болса, сайттан бәрiн ашық оқу мүмкiндiгi берiлсе.

Ономастикалық кеңiстiктi реттеу және стандарттау мiндетi бойынша мынандай iс-шаралар ұйымдастырсақ:

- Тарихи-диахрондық әдiстi пайдалану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендiрсек;

- Алдағы латын графикасына өтуге халықты дайындау аясында латын графикасында Қазақстан азаматтарының тегi мен есiмдерiн дұрыс жазу жөнiндегi iс-шаралар өткiзу (акциялар, флешмобтар, семинарлар және т.б.)

- Ономастика мәселелерi бойынша iс-шаралар ұйымдастыру

- Латын графикалы әлiпби негiзiндегi Қазақстан Республикасының аумағындағы географиялық объектiлер және олардың құрамдас бөлiктерi атауларының стандартын әзiрлеу және бекiту.

### **Әдебиеттер тiзiмi**

1. Қазақстан Республикасында тiлдердi дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасы туралы - «Әдiлет» АҚЖ (zan.kz)

2. Әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiктерге, елдi мекендердiң құрамдас бөлiктерiне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезiнде тиiстi аумақ халқының пiкiрiн ескеру қағидаларын бекiту туралы // URL: <https://adilet.zan.kz>

3. Палладий, великий и ужасный. Почему нужно знать китайско-русскую транскрипцию // URL: <http://ekd.me>.

4. Ономастика – әлемдiк мәселе // URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/22450> – 11.09.2014.

5. Руководство по национальной стандартизации географических названий. – Организация Объединенных Наций. – Нью-Йорк, 2007. – 181 с.

6. Қазақ жазуының ұлттық стандарты керек // URL: <https://www.azattyq.org>

7. Ономастикалық атаулар бiрiздiлiктi талап етедi // URL: <https://tilalemi.kz/article/2053-.html>

8. Атауларды латынша қалай жазамыз? // URL: <https://tilqazyna.kz/article/1340>

### **Transliteration**

1. Kazakstan Respublikasynda tilderdi damytu men koldanudyn 2011 - 2020 zhyldarga arналған мемлекеттiк бағдарламасы туралы - «Әдiлет» АҚЖ (zan.kz) [On the state program for the development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 - IAS "Adilet" (zan.kz)] (in Kaz)

2. Akimshilik-aumakyk birlikterge, eldi mекenderdin kuramdас bolikterine атау беру, olardy kajta атау, sondaj-ақ olardyn атауларынын transkripциясын нақтылау мен өзгерту кезiнде тиiстi аумақ халқынын pикiрiн ескеру кағидаларын бекити туралы [On approval of the rules for naming administrative-territorial units, constituent parts of localities, renaming them, as well as taking into account the opinion of the population of the relevant territory when clarifying and changing the transcription of their names] // URL: <https://adilet.zan.kz> (in Kaz)

3. Palladij, velikij i uzhasnyj. Pochemu nu-zhno znat' kitajsko-russskuju transkripцию [Palladium, great and terrible. I need to know the Chinese-Russian transcription] // URL: <http://ekd.me>. (in Kaz)

4. Onomastika – әлемдiк маселе [Onomastics – a global problem] // URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/22450> – 11.09.2014. (in Kaz)

5. Rukovodstvo po nacional'noj standartizacii geograficheskikh nazvanij. – Organizacija Obedinennyh Nacij [Management of the national standardization of Geographical Names. – Organization Of United Nations]. – N'ju-Jork, 2007. – 181 с. (in Russ)

6. Kazақ zhazuynyn ulttyk standarty керек [Need a national standard of the Kazakh script] // URL: <https://www.azattyq.org> (in Kaz)

7. Onomastikalық атаулар bиrizzdiliktі талап етедi [Onomastic names require consistency] // URL: <https://tilalemi.kz/article/2053-.html> (in Kaz)

8. Атауларды латынша қалай жазамыз? [How do we write names in Latin?] // URL: <https://tilqazyna.kz/article/1340> (in Kaz)

### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Қыздархан Рысберген* филология ғылымдарының докторы, ономастика бөлімінің меңгерушісі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
- Дана Пашан* филология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
- Зубайра Садырбаева* ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
- Назира Бармешова* ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
- 
- Кыздархан Рысберген* доктор филологических наук, заведующий отделом ономастики, Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан
- Дана Пашан* кандидат филологических наук, старший научный сотрудник, Институт языкознания имени А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан
- Зубайра Садырбаева* научный сотрудник, Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан
- Назира Бармешова* научный сотрудник, Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан
- 
- Kyzdarkhan Rysbergen* Doctor of Philological Sciences, Head of the Department of Onomastics, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan
- Dana Pashan* Candidate of Philological Sciences, Senior Researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan
- Zubayra Sadyrbaeva* Researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan
- Nazira Barmeshova* Researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan